

**2006 жылғы 3 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасында бірлескен бақылау өткізілетін автомобиль өткізу пункттерін салу туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 22 қыркүйектегі N 877 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2006 жылғы 3 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасында бірлескен бақылау өткізілетін автомобиль өткізу пункттерін салу туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің төрағасы Қозы-Көрпеш Жапарханұлы Кәрбозовқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан 2006 жылғы 3 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасында бірлескен бақылау өткізілетін автомобиль өткізу пункттерін салу туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

|                                  |                         |
|----------------------------------|-------------------------|
| <i>Қазақстан Республикасының</i> | <i>Премьер-Министрі</i> |
| <i>К. Мәсімов</i>                |                         |

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2008 жылғы 22 қыркүйектегі

N 877 Қаулысы мен  
мақұлданын  
Жоба

**2006 жылғы 3 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасында бірлескен бақылау өткізілетін автомобиль өткізу пункттерін салу туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі 2006 жылғы 3 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан-ресей мемлекеттік

шекарасында бірлескен бақылау өткізілетін автомобиль өткізу пункттерін салу туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) 4-бабының 2-тармағына сәйкес мына төмендегілер туралы келісті:

## 1-бап

Келісімге мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

### "1-бап

1. Тараптар қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасында бірлескен бақылау өткізуге арналған автомобиль өткізу пункттерін (бұдан әрі - автомобиль өткізу пункттері) салу жөніндегі іс-қимылдарды үйлестіру мақсатында ынтымақтастықты жүзеге асырады. Автомобиль өткізу пункттері орналасатын жерлер жергілікті жер рельефінің физикалық-географиялық жағдайын, инфрақұрылым мен жол желісінің дамуын негізге ала отырып, Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдарының консультациялары ж о л ы м е н а й қ ы н д а л а д ы .

2. Тараптар мемлекеттерінің Қазақстан Республикасында және Ресей Федерациясында автомобиль өткізу пункттерін абаттандыруды жүзеге асыратын атқарушы билік органдары Тараптар мемлекеттерінің осы Келісімді іске асыруға жауапты уәкілетті органдары болып табылады.

3. Осы Келісім Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдарының арасында техникалық ынтымақтастықты жүзеге асырудың жалпы тәртібін а й қ ы н д а й д ы .

Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары техникалық ынтымақтастықтың жекелеген мәселелері бойынша қосымша келісімдер жасай алады.

4. Қазақстан Тарабы Қазақстан Республикасының аумағында 1-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша автомобиль өткізу пункттерін салуды ж ү з е г е а с ы р а д ы .

Ресей Тарабы Ресей Федерациясының аумағында 2-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша автомобиль өткізу пункттерін салуды жүзеге асырады.

5. Көрсетілген қосымшалар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып т а б ы л а д ы . " ;

2) Келісімге 1, 2-қосымшалар осы Хаттамаға 1, 2-қосымшаларға сәйкес редакцияда ж а з ы л с ы н ;

3) 3-баптың 2-4-тармақтары алынып тасталсын.

## 2-бап

Осы Хаттама Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Хаттаманың әрекеті Келісімнің әрекет ету мерзіміне қолданылады.

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

200\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдеріндегі екі түпнұсқа данада жасалды, әрі екі мәтіннің бірдей күші бар.

**Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң                      Р е с е й   Ф е д е р а ц и я с ы н ы ң**  
**Ү к і м е т і   ү ш і н                      Ү к і м е т і   ү ш і н**

2006 жылғы 3 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасында бірлескен бақылау өткізілетін автомобиль өткізу пункттерін салу туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға

1-қосымша

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасында бірлескен бақылау жүргізілетін автомобильдік өткізу пункттерін салу туралы келісімге

1-қосымша

**Қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасында бірлескен бақылау өткізуге арналған автомобиль өткізу пункттерінің тізбесі**

| Р/с<br>N | Өткізу<br>пункті-<br>н і ң<br>атауы | Абаттан-<br>дыруды<br>аяқтау<br>мерзімі | Шекаралас<br>өткізу<br>пункті | Болжамды<br>жобалық<br>өткізу<br>мүмкіндігі,<br>авт./тәулік |                 |       |     |
|----------|-------------------------------------|-----------------------------------------|-------------------------------|-------------------------------------------------------------|-----------------|-------|-----|
|          |                                     |                                         |                               | жалпы жүк                                                   | жолау-<br>шылар | жеңіл |     |
| 1        | 2                                   | 3                                       | 4                             | 5                                                           | 6               | 7     | 8   |
| 1.       | Шарбақты                            | 2004 ж.                                 | Құлынды                       | 485                                                         | 80              | 25    | 380 |
| 2.       | Ауыл                                | 2004 ж.                                 | Веселоярск                    | 255                                                         | 25              | 20    | 200 |
| 3.       | Қарақоға                            | 2004 ж.                                 | Исилькуль                     | 395                                                         | 30              | 15    | 350 |
| 4.       | Обаған                              | 2004 ж.                                 | Звериноголовское              | 395                                                         | 80              | 15    | 300 |
| 5.       | Жайсан                              | 2005 ж.                                 | Сагарчин                      | 740                                                         | 110             | 30    | 600 |
| 6.       | Өрлітөбе                            | 2005 ж.                                 | Ольховка                      | 750                                                         | 120             | 30    | 600 |
| 7.       | Үбе                                 | 2005 ж.                                 | Михайловка                    | 400                                                         | 70              | 10    | 320 |
| 8.       | Құрманғазы                          | 2007 ж.                                 | Қараөзек                      | 340                                                         | 80              | 10    | 250 |
| 9.       | Бидайық                             | 2008 ж.                                 | Одесское                      | 300                                                         | 70              | 200   | 30  |
|          |                                     |                                         |                               |                                                             |                 |       |     |

|     |          |  |                 |  |  |  |  |
|-----|----------|--|-----------------|--|--|--|--|
| 10. | Жаңа жол |  | Петухово        |  |  |  |  |
| 11. | Қайрақ   |  | Бугристое       |  |  |  |  |
| 12. | Таскала  |  | Озинки          |  |  |  |  |
| 13. | Сырым    |  | Маштаково       |  |  |  |  |
| 14. | Ақсай    |  | Елек            |  |  |  |  |
| 15. | Қосақ    |  | Павловка        |  |  |  |  |
| 16. | Әлімбет  |  | Орск            |  |  |  |  |
| 17. | Қоянбай  |  | Малиновое озеро |  |  |  |  |
| 18. | Жезкент  |  | Горняк          |  |  |  |  |

2006 жылғы 3 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасында бірлескен бақылау өткізілетін автомобиль өткізу пункттерін салу туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы х а т т а м а ғ а

## 2-қосымша

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасында бірлескен бақылау жүргізілетін автомобильдік өткізу пункттерін салу туралы келісімге

## 2-қосымша

**Қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасында бірлескен бақылау өткізуге арналған автомобиль өткізу пункттерінің тізбесі**

| Р/с<br>N  | Өткізу<br>пунктінің<br>атауы | Абаттан-<br>дыруды<br>аяқтау<br>мерзімі | Шекаралас<br>өткізу<br>пункті | Болжамды<br>жобалық<br>өткізу<br>мүмкіндігі<br>, авт./<br>тәулік |     |     |      |
|-----------|------------------------------|-----------------------------------------|-------------------------------|------------------------------------------------------------------|-----|-----|------|
| жалпы жүк |                              | жолау-<br>шылар                         | жеңіл                         |                                                                  |     |     |      |
| 1         | 2                            | 3                                       | 4                             | 5                                                                | 6   | 7   | 8    |
| 1.        | Петухово                     | 2004 ж.                                 | Жаңа жол                      | 1500                                                             | 650 | 50  | 800  |
| 2.        | Бугристое                    | 2004 ж.                                 | Қайрақ                        | 2000                                                             | 300 | 100 | 1600 |
| 3.        | Озинки                       | 2005 ж.                                 | Таскала                       | 250                                                              | 90  | 6   | 154  |
| 4.        | Маштаково                    | 2008 ж.                                 | Сырым                         | 1000                                                             | 150 | 30  | 820  |
| 5.        | Елек                         | 2008 ж.                                 | Ақсай                         | 500                                                              | 100 | 20  | 380  |
| 6.        | Павловка                     | 2008 ж.                                 | Қосақ                         | 500                                                              | 100 | 20  | 380  |
| 7.        | Орск                         | 2009 ж.                                 | Әлімбет                       | 1000                                                             | 150 | 50  | 800  |
| 8.        | Малиновое озеро              | 2010 ж.                                 | Қоянбай                       | 500                                                              | 100 | 70  | 330  |
| 9.        | Горняк                       | 2010 ж.                                 | Жезкент                       | 1000                                                             | 150 | 50  | 800  |

|     |                  |  |            |  |  |  |  |
|-----|------------------|--|------------|--|--|--|--|
| 10. | Құлынды          |  | Шарбақты   |  |  |  |  |
| 11. | Веселоярск       |  | Ауыл       |  |  |  |  |
| 12. | Исилькуль        |  | Қарақоға   |  |  |  |  |
| 13. | Звериноголовское |  | Обаған     |  |  |  |  |
| 14. | Сагарчин         |  | Жайсан     |  |  |  |  |
| 15. | Ольховка         |  | Өрлітөбе   |  |  |  |  |
| 16. | Михайловка       |  | Үбе        |  |  |  |  |
| 17. | Қараөзек         |  | Құрманғазы |  |  |  |  |
| 18. | Одесское         |  | Бидайық    |  |  |  |  |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК